«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерін оқытуда құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру

Қайыпбаева Айгүл Тоқтарбайқызы
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім мазмұны институтының аға ғылыми қызметкері

Құндылыққа бағдарланған білім беру

МЖМБС базалық құндылықтар:
- Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік,
- құрмет, ынтымақтастық,
- еңбек пен шығармашылық,
- ашықтық; өмір бойы білім алу

Үлгілік оқу бағдарламалары

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында:
- ✓**тарихи сана, қазақстандық патриотизм,**
- ✓**өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет,**
- ✓**өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру,**
- ✓**ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту,**
- ✓**зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.**

«**Дүниежүзі тарихы» оқу пәні мақсаты** білім алушыларға:
- ✓**әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;**
- ✓**қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру**

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мақсаты
- ✓құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында **заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру,**
- ✓**өз азаматтық құқықтары** мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті **білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту.**

Құндылыққа бағдарланған білім беру

I.**Ұлттық құндылықты жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар:**
- ❖«**Мәңгілік Ел**» ұлттық идеясы
- ❖ «**Мәдени мұра**» бағдарламасы
- ❖«**Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру**» бағдарламасы
- ❖«**Ұлы даланың жеті қыры**»

II.Өлкетану материалдары
III.Тұлғалар тарихы хандар, билер, батырлар, Алаш қайраткерлері және т.б.
IV.Тәуелсіздік жолындағы күрестер.
V.Экономикалық, мәдени дамудағы жетістіктер

Зерттеу жұмыстары:
- ✓Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала.
- ✓Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.
- ✓Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі.
- ✓Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.
- ✓Мәдениет – адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі ретінде.
- ✓Тарихтағы тұлғаның рөлі.

Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы

«**Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге** басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы»...

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаты –**қазіргі қазақ ұрпағын, Ұлы қазақ даласында өмір сүрген және өмір сүріп жатқан халықтың мәдени игілігін сақтау.**

Ботай мәдениет..

Зерттеу сұрағы: **Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды** сұрағы берілген, бұл қазақ елінің әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсетумен сипатталады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының құндылықтарын «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнында жүзеге асыру

«Туған жер» бағдарламасы

Қазақстан тарихы сабағында «Өлкетану» материалдарын оқытуға мүмкіндік берілген.

Мысалы:

- Туған өлкенің аңыз-ертегілері.
- Өлкенің тарихи ескерткіштері.
- Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар.
- Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер.
- Топонимдер – өткен заманның куәгерлері.
- Туған өлке тарихының қазіргі куәгерлері.
- Туған өлкенің туристік маршруттары;
- Туған өлке шежіресі;
- Мектебімнің тарихы.

«100 жаңа есім» жобасы

- Туған өлкенің қазіргі тарихының куәгерлері;
- Мемлекеттің дамуына үлес қосқан қазіргі заманғы мемлекет қайраткерлері.

«Қазақстанның сакралды Географиясы» жобасы

- 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу үшін оқушыларға туған өлкенің қасиетті, киелі орындары туралы ақпаратты іздеу, жинау бойынша тапсырма дайындау;
- 9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындауда мемлекет астанасының даму үрдісін анықтауға тапсырма әзірлеу

10-сыныпта «Жаһандану жағдайында **ұлттық бірегейлікті сақтау** неліктен маңызды?

10.2.2.2 - XX ғасырдың екінші жартысы-XXI ғасырдың басындағы қоғамның рухани дамуына бұқаралық мәдениеттің әсерін бағалайды және 10.2.3.3-жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын негіздейді.

«Құқық негіздері» пәні

9-сыныпта «Отбасының әлеуметтік мәні неде ?

9.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша сабақты жоспарлау

Тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған (тарихи процестер мен құбылыстарды түсіну және түсіндіру, талдау, бағалау)

Ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

- **Өзгеріс пен сабақтастық** (мысалы, қоғам белгілі бір тарихи кезеңде қаншалықты өзгерді);
- **Себеп және салдар** (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңде саяси үдерістерге қандай негізгі факторлар әсер етеді);
- **Дәлел** (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңнің өнер құндылықтары нанымдар және технологиялар туралы нені айта алады);
- **Ұқсастық пен айырмашылық (**мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағында мемлекеттердің саяси құрылымының ұқсастығы мен айырмашылығы неде);
- ***маңыздылық*** (мысалы, Қазақ хандығы құрылуының маңыздылығы неде);
- ***интерпретация*** (мысалы, әртүрлі зерттеушілер қандай да болмасын тарихи оқиғаны қалай сипаттайды).

Көпқырлы тарихи концептілер арқылы білімді тереңдетеді

Сыни ойлауды дамытады

Мазмұнды терең зерделеуге мүмкіндік береді

Негізгі идеялар мен процестерге назар аударуға мүмкіндік береді

Зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді

Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын тақырыптар

- Білім алушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыратын белсенді әдістер;
- Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру;
- Зерттеу жұмысын жүргізуде құндылыққа бағытталған тәсілдерді қолдану;
- Білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі;
- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастыру.

- «Құқық негіздері» пәні сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру тәсілдері;
- Қалыптастырушы бағалауға арналған практикалық және ситуациялық тапсырмалар базасын қалыптастыру;
- «Құқық негіздері» пәні бойынша цифрлық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері;
- Белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру

Элективтік курстардың тақырыптары

- ✓ «Алтын адам жәдігерлері»;
- ✓ «Түркі ғұламалары»;
- ✓ «Ұлы даланың тарихындағы әскери дәстүр»;
- ✓ «Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілік салты»;
- ✓ «Қазақ қолөнерінің мәдени-тарихи негіздері»;
- ✓ «Алаш идеясы және Алаш қозғалысы» курсы.
- ✓«Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы» курсы
- ✓«Еуразия кеңістігіндегі көшпелілер өркениеті» курсы

- ✓ Қазақстан Республикасындағы негізгі қоғамдық процестерді құқықтық реттеу негіздері»;
- ✓ «Қазіргі заманның негізгі құқықтық жүйелерін жіктеу»;
- ✓ «Экологиялық құқық-қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық механизмі»
- ✓ «Құқықтық ақпараттандыру»;

ПӘН МАЗМҰНЫНЫҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ

Пәні мазмұны бойынша «Рухани жаңғыру идеясы» негіздерінің құндылықтарын «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаларын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады

«Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттары

«Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық»

«Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры»

«Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы»

«Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі»

«Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі»

«Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті»

«Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі»

2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер

- ✓ *Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл*
- ✓ *Кенесары Қасымұлының туғанына – 220 жыл*
- ✓ *Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл*
- ✓ *Дінмұхамед Қонаевтың туғанына – 110 жыл*
- ✓ *Мәншүк Мәметованың туғанына – 100 жыл*
- ✓ *Талған Бигелдиновтің туғанына – 100 жыл*
- ✓ *Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл*
- ✓ *Қазақстанның БҰҰ құрамына кіргеніне – 30 жыл*
- ✓ *Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл.*

ULTTYQ BILIM AKADEMIASY

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

- Білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бағдарламасы.
- Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу.
- Білім беру ұйымдарында «Туған жер» бағдарламасы арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру .
- «100 жаңа есім» жобасының қаһармандары – ұлттың «алтын» қоры» әдістемелік ұсынымдар.
- «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының үлгілері.
- «1-11 сынып білім алушыларының оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=14

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ

«Функционалдық сауаттылықты құндылыққа бағдарлай дамыту».

Шоразова Лаура Абзалқызы
№ 26 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер

Нұр-Сұлтан қаласы

Оқу сауаттылығы

компьютерлік сауаттылық

Коммуникативтілік

Ақпараттық сауаттылық



Тарих және құқық негіздері сабақтарының функциялары оқушылардың функционалдық сауаттылығын табысты қалыптастыру үшін қажет

Тұрмыстық мәселелерді шешудегі сауаттылық

Құқықтық және қоғамдық-саяси сауаттылық

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

«Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы»

әл-Фараби

"Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру тарихи тұжырымдамалар негізінде жүзеге асырылады

№	тарихи концептілер
1	өзгеріс пен сабақтастық
2	себеп пен салдар
3	дәлел
4	ұқсастық пен айырмашылық
5	маңыздылық
6	интерпретация.

Міндеті: қоғамда тарихты білу және құрметтеу, мәдениетпен байланыс атмосферасын құру.

Қалыптастыру жолдары тарихи сана

- **Отбасы**
- **Білім**
- **Бұқаралық ақпарат құралдары**
- **Мәдени мекемелер**

Құндылықтар (БЖМБ)

Құрмет
Ынтымақтастық
Ашықтық
Патриотизм және азаматтық жауапкершілік
Еңбек және шығармашылық
Өмір бойы білім алу

Тақырыбы:"Біздің уақытқа дейін қандай ғылыми жаңалықтар жетті«

Борттық журнал. (Жұптық жұмыс)

Құндылықтар: Құрмет. Ынтымақтастық. Ашықтық.

Тарихи концепт: Маңыздылық.

Бейімделген критерийлер: борт журналында қызметтің 4 жетістігін түстері арқылы сәйкестендіреді.

1-тапсырма: Суреттерге сүйене отырып, жетістіктерді қазіргі қоғамдағы адам қызметімен сәйкестендіріңіз.

Жетістіктер	**Қызметі, кәсібі**
Жібек	
шай	
Компас	
оқ-дәрі	
Фарфор	
Қағаз	
Ұлы Қытай қорғаны	
Сейсмограф	

- Ежелгі қытайдың жетістіктерін қазіргі заманғы адамның қызметімен сәйкестендіреді

- Ежелгі қытайдың қазіргі қоғам үшін ғылыми жаңалықтарының рөлі туралы негізделген тұжырымдар жасайды

тігінші, **аспазшы**, фармацевт, сатушы, **қолөнерші**, суретші, төтенше жағдайлар құтқарушысы, туризм, жазушылар, журналист, мұғалім, әскери, дәрігер, гид, құрылысшы, фермер

Тақырыбы: «Мәдени-тарихи дәстүрлерді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері
Әдістері: практикалық, зерттеу

Тарих сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құралдары презентациялар, рефераттар, әлеуметтік сауалнамалар, жобалар түріндегі зерттеу жұмыстары

Құндылықтар: патриотизм, еңбек пен шығармашылық.

Тарихи концепт: Ұқсастық пен айырмашылық

Тема «Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы»
Зерттеу сұрағы: Қандай салт-дәстүрлер бізге дейін жетті?
Құндылықтар: Отбасылық құндылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.
Тарихи концепт: Маңыздылық.

Функционалды оқу

Пікірлер (мифтер, аңыздар, өмірбаяндар)

Тарихи диктанттар мен эсселер тарихи және құқықтық құжаттарды зерделеу

вариативті дереккөздерді оқу танымдық ойындар, викториналар, дебат-сабақтар

презентациялар, рефераттар, әлеуметтік сауалнамалар, жобалар түріндегі зерттеу жұмыстары

Сұхбат тапсырмасы:

1.Сіздің отбасыңызда сіздер бірге атап өтетін мерекелер бар ма?

2.Қандай отбасылық мерекелеріңіз бар?

3.Сіздің отбасыңыз қандай дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтайды?

ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ

Сағынғалиев Дәурен Наурызбайұлы

Заң ғылымдарының магистрі, әдіскер, М. Мақатаев атындағы №140 гимназияның тарих және құқықтану пәні мұғалімі

«Құқық негіздері» пәні

Білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін дамытуға бағытталған ең тиімді құрал

01 Құқықтық білімнің базалық деңгейі – білім алушылар тарапынан құқыққа деген жағымды көзқарас қалыптастырып, нақты мысалдар негізінде қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқық нормаларының маңыздылығын түсінуге ықпал етеді;

02 Нормативтік-құқықтық актілермен жұмыстану дағдысы қалыптасады;

03 Тәжірибелік мәселелерді шешуде құқық нормаларын тиісінше қолдана білуге дағдыланады;

04 Өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге мүмкіндік алады;

05 Құқықбұзушылықтың алдын алуда маңызы зор.

Құндылыққа бағытталған тәсіл

1	Азаматтық жауапкершілік;
2	Ұлттық бірегейліктің үлгісі болар қазақстандық патриотизм;
3	Қазақ халқының мәдениеті мен тарихына құрметпен қарау;
4	Еңбек пен шығармашылық.

Білім беру үдерісінде ескеру керек жағдаяттар

01

Білікті заңгер мамандардың кеңесіне жүгіну;



02

Әрбір тақырыпты талдау барысында практикалық мәселелерге баса назар аудару;

03

Құқықтық құжаттардың қарапайым үлгілерін жазуға үйрету.

Құндылыққа бағытталған білім беруде қанатты сөздерді қолдану

«Кісі ақысын жемеу – адалдықтың белгісі»,

«Шешен кісі – сөз бастар, адал кісі – ел бастар»

«Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ»

«Ұры ұрлығын қойса да, ұры аты қалмайды»

«Обалды біліп өссең, сауапқа кенелесің»

ЗЕРТТЕУ – ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖҮРГІЗУДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жапабаева Меруерт Секербайқызы
№1 « Білім – Инновация» лией- интернаты»
КММҚарағанды қаласы
педагог- шебер

Қазақстан тарихын мектепте оқытудың қазіргі жүйесі.

- ✓ Қазақстан тарихы ғылымын жаңаша методологиялық зерттеулер негізінде дамыту;
- ✓ Ұлттық тарих сана аясын кеңейту;
- ✓ Жаңаша ұлттық тарихи көзқарас қалыптастыру,
- ✓ Тарих мазмұнын ғылыми негізде жүйелеу арқылы тарихи даму заңдылықтарын анықтау.
- ✓ «Қоғамдық даму заңдылығы» түсінігін қалыптастыру

Білім беру бағдарламасында білімнің маңыздылығын анықтайтын құндылықтар

ынтымақтастық

құрмет

жауапкершілік

отансүйгіштік

Білім алушының жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлері

еңбекқорлық



табандылық

кемелдену

эмпатия

Қазақстан тарихының маңызды мәселелерін сыни талдаудағы зерттеу сұрақтары

- Қазақ көшпелі қоғамында мемлекеттік үрдістің даму деңгейі қандай болды?
- Қазақ даласындағы моңғолдар дәуірі: құлдырау немесе өркендеу кезеңі ме?
- Неліктен XX ғасыр басындағы ұлттық элита жіктеліп кетті, оның салдары қандай?
- Амангелді Иманов: даңқ пен дақпырт
- Қазақстандағы «Ұлы жұт» пен Украинадағы «Голодомор»
- Бұланты, Аңырақай - Сталинград шайқастары
- «Алаш» және «Мұсылман» партияларының бағдарламалары; Алаш-қазіргі Қазақстан

Зерттеу-жобалық жұмыстар — оқушы белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі.

PBL /Жоба негізінде білім беру /	**тереңдетілген біліммен қоса жауапкершілікке, досына сенім артуға, топпен жұмыс істеуге үйретеді және шығармашылық қабілетін арттырады.**
TEDx тың идеялар алаңы	**этикалық, танымдық, әлеуметтік, психологиялық мәселелерді талқылап құндылықтар мен мақсаттарды қалыптастырады; оқушының бойында тыңдай білу, түсіну, өзінің мүмкіншіліктерін шынайы бағалай білу, таным кеңістігін, ой-өрісін кеңейту секілді дағдыларды қалыптасады;**
Сандық технология	**кез-келген уақытта оқу мүмкіндігі туады; Өз бетінше қарқынды үйрену қабілеттілігі артады; күрделі мәселелерді зерттейді**
Ізденіс, ғылыми зерттеу	**пәнді кең ауқымды қабылдауға, жеке оқушылармен және топпен байланыс құруда коммуникациялық қабілет, лидерлік, шығармашылық және сауаттылық қабілеттің артуына үлкен септігін тигізеді.**
СТО	**дұрыс шешім қабылдайды; қоғам өміріне белсене ат салысады**

Сабақ фрагментін зерделей отырып,
білім алушылардың *дерек құжаттарымен* жұмыс істеу дағдыларын дамыту

- **Қазақстан тарихы 10 сынып, 1 тоқсан**
- **Сабақ тақырыбы: Ұлы дала өркениеті**

Зерттеу жұмысы:

Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала

Зерттеу сұрақтары:

- **Ұлы Дала өркениеті туралы не білеміз?**
- **Неліктен көшпенділер мекендеген аймақ «Ұлы Дала» деп аталды?**
- **Әлемдік өркениеттің дамуындағы Ұлы Дала өркениетінің рөлі қандай?**
- **Ол туралы тарихи деректер не дейді?**

Зерттеу сұрағы бойынша қандай болжамдарыңыз бар?

Қазақ тарихын оқыту негізі - тарихи деректер

- **Түпнұсқа жазбаша деректер – мұрағат құжаттары**
- **Ауызша деректер (дастандар, тарихи жырлар, аңыздар)**
- **Қосымша деректер – Отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер (монография, мақала, т.б.)**

Құжаттар



Артефактар

Илюстрациялар

Проблемалық сыни талдау (кинофильм бойынша)

«Шал» кинофильмі бойынша:

- ***Адам – табиғат – жануар*** арасынадағы қарым қатыныс
- ***Ұрпақтар сабақтастығы*** (Қасым шал – Аңшылар - бала Шайтанбек)
- ***Дала мен қала адамның*** әлеуметтік-психологиялық келбеті

Нәтижесінде: ***ұлттық құндылық философиясына*** қатысты өз пікірін талдай, зерттей алады

« ӨЛКЕМНІҢ ТАРИХЫ »
(ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ – ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ)
Авторлық бағдарлама

«Ұлттық код – Акме қоғам бастауы» облыстық өлкетану мұражайындағы сабақтастық – сабағы

«Қарағанды қасіретті жылдарда» Карлаг мұражайындағы саяхат- сабақ

«Алаш жұрты» Жоба негізінде білім беру (PBL)

Мемлекетке, туған жерге, өзінің мәдени ортасына сүйіспеншілігін қалыптасады. Жас буынның бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігі мүддесіне жұмсауға, жерін, тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрмет тұтуға тәрбиелеу.

«Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының ұсыныс-бастамасымен, Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес,
«Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» тақырыбында
облыстық фасилитация сессиясы

Фасилитация сессиясының мақсаты – білім алушылардың өзін-өзі басқара отырып, топтық жұмысты ұйымдастыруға бағытталған арнайы шығармашылық әрекеттерімен дұрыс әдісті табу, топқа жасампаз және нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік беру.

«ІЗДЕНІС» ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ КАБИНЕТІ

Әр айдың басында ай құндылығы жайында толық ақпарат беріледі.

- Білім беру ордасын ай құндылығына қатысты көрнекіліктермен безендіреді.
- Құндылық тақырыбына сай зерттеу ұйымдастырылады.
- Оқушылардың құндылықтарды күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасалады.
- Құндылықты дәріптеу жұмыстарында ата-аналарды қатыстырады.
- Әр айдың соңында оқушылардан құндылықты меңгергендігін анықтау мақсатында кері байланыс алынады, сынып іші жұмыстарына анализ жасалады.
- Өткізілген құндылық айының қорытындысы жасалады.

TEDx форматындағы зерделеу жұмыстары

«Абайдың төртінші қарасөзіндегі күлкінің сыры»
Дінмұхамметұлы Жақсытілек

«Рухсыз білімнің зияны»
Мекентай Әбілмансұр
«Рухсыз күш» формуласы "Өркениеттің адасуы" атты романнан Компьютербасты жарты адамдар сөзі *М. Шаханов*

«Әл-Фарабидің рухани әлеміндегі «қайырымдылық қала» түсінігі» тақырыбында,
Жаңабайұлы Саидамир

Қандай нәтиже күтіледі?

Полимәдениетті тұлға

Қазақстандық патриотизм

ТОЛЫҚ АДАМ

Толеранттылық

Азаматтық сана - сезім

Интеллектуалды және практикалық дағды мен шеберлік

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ

Букенов Ерлан Жумабекович

2020 жылдың үздік педагогы

педагог- шебер

тарих мұғалімі

«Саумалкөл №1 орта мектебі» КММ

Айыртау ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы

Тақырыбы: Құндылықтарға негізделген патриоттық тәрбиені жүзеге асыру

«Тарих сабақтарында өлкетану компоненттерін қолдану»

Біріншіден - тоқсанына бір сағат ішінде оқушылардың кіші Отанының тарихы туралы білімдерін қалай арттыруға болады?

Менің шешімім: американдық ғалым Уильям Херд Килпатриктің жобалар әдісі ең сәтті болып көрінді, бұл әдіс тақырыпты зерттеуде бір сағатпен шектелмей, оны оқушының сабақтан тыс, тәуелсіз ғылыми-танымдық іс-әрекетіне ауыстыруға мүмкіндік берді.

Мектеп мұражайында шағын жобаны қорғау

«Менің атақты жерлесімнің өмірбаяны»

Жоба бойынша жұмыс аясында аудандық мұражайға бару

«Менің атақты жерлесімнің өмірбаяны»

(Шоқан Уәлиханов –қазақтың тұңғыш ғалымы)

«Бір фотосуреттің тарихы» тақырыбы бойынша шағын жобаны қорғау

Екіншіден - туған өлке туралы оқып үйрену үдерісін, оқушылар үшін қызықты шағын Отан тарихымен тәрбиелеу үдерісіне қалай айналдыруға болады?

Менің шешімім: Өлкетану компонентінің тақырыптарын сабаққа кіріктіру мысалы,5–сыныпта «Ботай мәдениеті» тақырыбын оқу барысында оқушыларға мынадай жұмыс түрлері ұсынылады «Ботай кенті» жарнамалық плакат, «Ботай» шағын жобасы, Ботай елді мекеніне жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижелері бойынша есеп жазу және тағы басқалары. «Топоним өтенннің куәгерлері» (жер-су атауының тарихы) тақырыбын оқу барысында оқушыларға туған өлке топонимдерінің шығу тарихын немесе туған өлекге жолсерік жазу ұсынылады.

Ян Константин

2-7 сынып оқушылырының «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары байқауының облыстық кезеңінің жүлдегері

«Қазақстан халқының полиэтникалық құрамының қалыптасу жағдайында Ян отбасының тарихын зерттеу»
(XX ғасырдың 1930- жылдарындағы Қиыр Шығыс кәрістерін депортациялау мысалында)

Бағыты «Тарих, өлкетану, этномәдениттану»

2021 жыл

«Мектеп мұражайында Кеңес Одағының батыры, Ингушетия Республикасының тұңғыш президенті *Руслан Сұлтанұлы Аушевтің* салтанатты формасы мен жұлдызының пайда болу тарихы»

Авторы: *Мусиенко Александр Федорович*, 11-сынып оқушысы
Айыртау ауданы, «Саумалкөл №1 орта мектебі» КММ
Жетекшісі:
Букенов Ерлан Жумабекович
Айыртау ауданы, «Саумалкөл №1 орта мектебі» КММ

2021 год

«Өлкетану.

Солтүстік Қазақстан облысы.

5- 7 сыныптар»

2020 жыл

Жобалық қызметке арналған тақырыптар:

- «Менің отбасылық ағашым, шежірем»;
- «Туған өлке топонимдерінің шығу тарихы»;
- «Менің кіші Отаным» фотокөрмесі;
- «Атақты солтүстік қазақстандықтар» фотокөрмесі;
- «Менің отбасым» фотокөрмесі;
- Туған өлкенің танымал адамдарымен сұхбат;
- Туған өлке бойынша жолкөрсеткіш;
- «Шалқар көлі, Имантау, Жақсы-Жалғызтау көлдері- өлкенің інжу-маржандары» жарнамалық буктрейлері
- «Менің атақты жерлестерім» мақаласы;
- «Менің туған ауылым» жарнамалық буклеті;
- «Ботайлықтар кенті» жарнамалық плакат;
- «Егер мен біздің өңіріміздің әкімі болсам» жобасы.